

Көңілді

доп





Миға шабуыл

- Қиықшалардан қандай суреттер бойынша бөліндіңіздер?



Тақырыбы:


**Қазақ халқының
салт - дәстүрлері**

Сабақтың мақсаты:

- Білімділік: оқушылардың бойына қазақ халқының рухани байлығын сіңіру. Салт – дәстүрлер туралы алған білімдерін кеңейту, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі, өнеге алу. Салалас құрмалас сөйлемнің түрлерін қайталап, деңгейлік тапсырмалар арқылы грамматиканы меңгерту.
- Дамытушылық: жоба жасау жұмысы арқылы шығармашылық қабілетін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру, сөздік қорын молайту, алған білімін өмірде қолдана білу.
- Тәрбиелік: қазақ халқының салт – дәстүрінің тәрбиелік мәнін түсіне білуге және құрметтеуге тәрбиелеу. Еліміздің озық ойлы, кең өрісті азаматын тәрбиелеп, өнегелі, өнерлі болып өсуіне ықпал ету.



Джиксо әдісі



Мәтінмен





Тұсау кесу

Тұсау кесу – бала тәй-тәй басқанда жасалатын думанды дәстүр. Ел арасында «Тұсауы кесілмеген бала көп сүрінеді, жығылады» деген наным бар. Тұсау кесу дәстүрі қыз балаға да, ұл балаға да жасалады. Жақсы ниетті ырымдарға сай ала жіппен, малдың тоқішегімен тұсау кеседі.

Қазіргі кезде көпшіліктің қателесетін бір жері бар. Ол – қайшымен кесу. Қазақ халқында қайшылану жақсылықтың белгісі емес. «Сондықтан баланың өмірі қайшыланып қалмасын» деген ниетпен тұсауды қайшымен емес, пышақпен кескен. Бала жүре бастаған кезде кішігірім той жасап, тұсау кеседі. Тұсау кесетін баланың аяғына байлайтын жіпті тұсау кесер әйел дайындап алып келеді. Тұсау кесетін әйел беделді, балалы-шағалы болу керек. Бұрынырақта тұсауы кесілетін балаға ат пен ер тоқым сыйлаған. Қазір олардың қажеті шамалы болып, оның орнына киім – кешек, ойыншық алып береді.

Тұсау кесуші көпшіліктің алдында даярлаған сыйлықтарын беріп, «Жүйрік бол!», «Шауып кет!» т.б. Тілектер айта отырып, баланың аяғына байланған тұсауын кесіп жібереді. Тұсауы кесілген соң, сәбиді екі адам екі қолынан ұстап, ортаға алып шығып, тез-тез жүргізеді. Осы кезде «Тұсаукесер» жыры айтылады.

Бесікке

салу



Халқымыздың сан ғасырлық тыныс-тіршілігіне байланысты ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптары да бар. Соның бірі – бала туылғаннан кейін баланы бесікке бөлеу дәстүрі.


Қазақ халқы «Бесіксіз үйде береке жоқ» деп өмірге келер сәбиді асыға күткен. Себебі бала – өмірдің гүлі, жалғасы. Жас нәрестенің өмірге келуі, отбасы мүшелеріне әкесі мен атасына, нағашы жұртына үлкен қуаныш әкелген, жас нәресте өмірге келгенде арнайы адам жіберіп сүйінші сұратқан. Бесікке салу — нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Бесікке саларға шақырылған ауыл-үйдің әйелдері шашуын, жол-жоралғысын ала келеді. Баланы алғашқы бөлеу үлгілі ұрпақ өсірген қадірменді әйелге тапсырылады. Ол өзінен басқа тағы бір-екі келіншектің көмегімен бесікті жабдықтайды, сәбидің әжесі не шешесі түбектің тесігінен балаларға тәтті үлестіреді. Осыдан кейін бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Бесікке салған әйелдерге көйлек, жаулық сияқты сый тартылады. Үлкендер батасын беріп, баланың ер жетуіне, ананың үбірлі-шүбірлі болуына тілектестік білдіреді. Және Бесік жыры айтылады

Қонақ күту



- Қазақ халқы – ежелден қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халық. Үй иесі бұрын танысын, танымасын «Құдайы қонақпын» десе болы, жылы шыраймен қарсы алып отырған. Жол жүріп кеп жатқан жолаушы «бөлінбеген еншісін бар» деп, жалынбай ауылдың кез келген үйіне түсіп, қонақ берген. Оның үстіне қазақта «қырықтың бірі қыдыр», «қонақты қусаң – құт, ырыс, қашады», «Қонақпен еріп құт, ырыс келеді» деген мәтелдер бар.
- Бұл – қонақпен еріп келген «құт» бірге кірсін дегені Ал қонақты шығарып саларда, есікті қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығатын болған. Осы күнгідей қонақтарға есікті ашып, іштен жауап алу деген болған. Қазақ халқы қонақтарды «арнайы қонақ» (қонақ) «құдайы қонақ» (жолаушылар келе жатып түстеніп не бір күн түнеп шығатын қонақ) «қыдырма қонақ» (алыстан ағайын, туған туыстарын арнайы іздеп келіп, бір немес бірнеше күн олардың сый-құрметін көріп қайтатын қонақ), «қылғыма қонақ» (қай үйден түтін шықса, қай үйге қонақ келсе, соны аңдып жүріп кеп қалатын сүйкімсіз қонақ) деп бөлген. Келген қонақтармен жөн сұрасқаннан кейін үй иесі қонағына ең жақсы тамақтарын беріп, риза етуге тырысады. Ол үшін үй иесі әңгіме – дүкен құрып, қонақпен бірге отырады. Қонақ күту – халқымыздың ең жауапты ісі.

БЛУМ ТҮЙМЕДАҒЫ



Traffic Lights «Бағдаршам»

- Қызыл түс – тапсырма толық орындалмаған
- Сары түс – тапсырма толық жетілмеген
- Жасыл түс – тапсырма толық орындалған



Жабық

1. Тұсау кесу рәсімі кімге тапсырылады?

А. Жас келінге

В. Беделді, балалы-шағалы әйелге

С. Әкесіне

2. Бұрынғы уақытта, тұсауы кесілген балаға не сыйлаған?

А. Пышақ

В. Ойыншық

С. Ат



1. Баланы бесікке бөлеуде кімдер қатысқан?

А. Бала – шаға

В. Әйел қауымы


С. Тек қариялар

2. «Бесіксіз үйде береке жоқ» деп не істеген?

А. Бесік қойған

В. Баланы асыға күткен

С. Бесікті сыйға тартқан




1. «Қылғыма қонақ» қай қонақ?
 - A. Алыстан ағайын – туыстың келуі
 - B. Жолаушылардың түнеуі
 - C. Қай үйден түтін шықса, сол үйге барады
2. Қонақпен бірге үйге не кіреді?
 - A. Әңгіме
 - B. Сыйлық
 - C. Құт



Traffic Lights «Бағдаршам»

- Қызыл түс – тапсырма толық орындалмаған
- Сары түс – тапсырма толық жетілмеген
- Жасыл түс – тапсырма толық орындалған



Ашық тестілеу

- Тұсаукесер, қыз қуу, бесіктой, шілдехана, үйлену тойы, сүйінші, шашу, ат қою, қырқынан шығару, сүндет той

Traffic Lights «Бағдаршам»

- Қызыл түс – тапсырма толық орындалмаған
- Сары түс – тапсырма толық жетілмеген
- Жасыл түс – тапсырма толық орындалған



ΚΘΡΙΗΙC





C:\Users\User\Desktop
op\Сергіу сәті
K.wmv

Деңгейлік тапсырмалар

III ДЕҢГЕЙ





2 - ТАПСЫРМА.

БЕРІЛГЕН ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМГЕ АЙНАЛДЫРЫҢЫЗ.

○ **Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем:**

1. Күн жылынды. Қар еріді.

2. Аспанды қара бұлт басты. Жаңбыр қатты жауды.

3. Ұшақ қонды. Жолаушылар ұшақтан шықты.

◎ Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем:

1. Жолдасым ауырып қалды. Дәрігерді шақыртпады.

2. Мен қарындасыма ойыншық алдым. Ол онымен ойнамады.

3. Менің қарным ашты. Мен асханаға барған жоқпын.

II ДЕҢГЕЙ



1 -

тапсырма

**САЛАЛАС
ҚҰРМАЛАС
СӨЙЛЕМНІҢ
ТҮРЛЕРІ ?**

2 – тапсырма. Мәтіннен салалас құрмалас сөйлем түрлерін табыңыз.


- Тұсау кесу – бала тәй-тәй басқанда жасалатын думан. Баланың тұсауын қайшымен кеспейді, себебі баланың өмірі қайшыланады деген ұғым болған. Тұсауы кесілетін баланың аяғын не ала жіппен, не малдың тоқішегімен тұсау кеседі.

І ДЕҢГЕЙ




Сурет бойынша тиісті жалғаулық шылауды пайдаланып, құрмалас сөйлем құраңыз.

Составьте сложные предложения по картинкам, правильно употребив союзы.



және

*Астана - жаңа қала және
көшелері кең де таза.*



ал



бірақ




сондықтан

1. САЛАЛАС ҚҰРМАЛАСТЫҢ СӘЙКЕС СЫҢАРЫН ТАП

Аман өте көңілді,	бірақ ешкім тараған жоқ.	Ыңғайлас салалас
Қуанғаны соншалық,	өйткені оның бүгін туған күні.	Қарсылықты салалас
Жиналыс бітті,	не келгісі жоқ.	Себеп-салдар салалас
Кейде бұл ренжиді,	самал жел есіп тұр.	Шартты салалас
Не уақыты жоқ,	болмаса өзім кетемін.	Талғаулы салалас
Ертең кел,	телефонды тастай салды.	Кезектес салалас
Күн жылы,	ел қуанды, елмен бірге бізде қуандық.	Түсіндірмелі салалас
Спортшылар елге оралды,	кейде ол өкпесін айтады.	Көп компонентті салалас

Traffic Lights «Бағдаршам»

- Қызыл түс – тапсырма толық орындалмаған
- Сары түс – тапсырма толық жетілмеген
- Жасыл түс – тапсырма толық орындалған



Post-It

Не нәрсе оңай
болды?

Не нәрсе қиын
болды?

Не білгіңіз
келеді?

